

Издаётся с 20 декабря 1999 года

Саран газеті

ЕЖЕНЕДЕЛЬНАЯ ГОРОДСКАЯ ГАЗЕТА

19 октября
2022 года
СРЕДА
№ 83 (1476)



СТР. 5

Будьте в курсе городских событий *Еще больше новостей* Читайте нас на сайте sarangazeti.kz, а также в [sarangazeti](https://www.instagram.com/sarangazeti) [sarangazeti](https://www.facebook.com/sarangazeti)

20 қараша
2022

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ПРЕЗИДЕНТІНІҢ САЙЛАУЫ

Әр азаматтың
дауысы маңызды!

20 ноябрь
2022

ВЫБОРЫ ПРЕЗИДЕНТА
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

Важно голос
каждого!

Аким Карагандинской области встретился с послом Германии в Казахстане

gov.kz

В ходе рабочей поездки Карагандинскую область посетил чрезвычайный и полномочный посол Федеративной Республики Германия в Казахстане Моника Иверсен. На встрече с главой региона Женисом Касымбеком обсуждались перспективы развития сотрудничества.



В области действуют 67 совместных предприятий в различных отраслях экономики. Реализован ряд крупных проектов с участием германского капитала. Среди них завод по производству промышленных газов Linde Gas Kazakhstan и строительство солнечных электростанций в Сарани и Агадыре.

Ежегодно число совместных предприятий растёт. Этому способствует создание на территории области индустриальной зоны в Сарани и специальной экономической зоны «Сарыарка» в Караганде.

— Мы заинтересованы в привлечении немецких компаний и готовы создать для них благоприятные условия для реализации совместных предприятий. Уверен, что есть огромный потенциал для дальнейшего наращивания взаимного сотрудничества, — сказал Женис Касымбек.

Область также заинтересована в подготовке высококвалифицированных

специалистов. И в этом могут помочь профессионалы из Германии. В настоящее время тесное сотрудничество налажено в сфере технического и профессионального образования. В Темиртауском высшем политехническом колледже совместно с компанией Evonik Industries AG проходит подготовка специалистов на основе немецкой модели дуального обучения. Преподаватели и студенты колледжа с 2015 года стажировались в учебном центре, который расположен в городе Дармштадт.

Моника Иверсен также отметила большой экономический потенциал Карагандинской области и то, что немецкие компании действительно будут иметь хорошие возможности и перспективы развития бизнеса на территории региона.

— В этом году 30 лет со дня установления германо-казахстанских отношений. Это были 30 лет успешной и очень тесной работы, особенно в сфере экономики, — сказала Моника Иверсен.

В ГОРОДСКОМ МАСЛИХАТЕ

Прошла еще одна встреча депутатов с населением

Надежда ЦХАЙ

В конце минувшей недели в поселке Дубовка состоялась еще одна встреча депутатов Саранского городского маслихата с населением.



Депутаты не в первый раз проводят подобные встречи, в ходе которых горожане и поселчане могут задать актуальные вопросы. В этот раз все вопросы в основном касались жилищно-коммунальной сферы, но были и другие, направленные на развитие поселка Дубовка. И таких вопросов было немало.

Итак, среди насущных сегодня — это вопросы водоснабжения поселка Дубовка. В частности, жители задали вопрос водоснабжению улиц Фурманова, Дубовская, части Вахтерской, Клары Цеткин. Также поселчане попросили пересмотреть график движения маршрутов №№ 3 и 9. Кроме этого, был ряд вопросов, касающихся безопасности дорожного движения. Среди них — необходимость установки знака «Перегон скота» на одном из участков

оживленной трассы, освещение улицы при повороте на общеобразовательную школу №2, грейдирование центральных улиц поселка. Поселчане подняли вопросы и об установке остановочного павильона возле магазина «Пана», и приведении к соответствующим стандартам искусственной неровности возле магазина «Пана». По мнению поселчан данная неровность слишком высокая, особенно для проезда легковых автомобилей и карет скорой помощи.

Молодые мамы задали вопросы об оборудовании детской площадки на территории поселка и открытии мини-центра или кружков различного направления на базе общеобразовательной школы №2.

Все вопросы взяты депутатами на контроль и будут обрабатываться совместно с исполнительными органами.

ҚҰРМЕТТІ САРАН ҚАЛАСЫ МЕН АҚТАС КЕНТІНІҢ ТҮРҒЫНДАРЫ!

Саран қаласының әкімі азаматтарды жеке мәселелері бойынша апта сайын жұма күндері сағат 15.00-ден алдын ала жазылу бойынша қабылдайды (жазылу «Саран қаласы әкімінің аппараты» ММ-де 104 каб. немесе 7-40-16 телефоны бойынша сағат 18.00-ге дейін жүргізіледі).

Қабылдау әкімдік ғимаратында онлайн-режимде, ZOOM бағдарламасы арқылы өтеді.

«Саран қаласы әкімінің аппараты» ММ

УВАЖАЕМЫЕ ЖИТЕЛИ ГОРОДА САРАНИ И ПОСЕЛКА АКТАС!

Аким города Сарани проводит прием граждан по личным вопросам еженедельно по пятницам с 15.00 часов по предварительной записи (запись осуществляется в ГУ «Аппарат акима города Сарани» каб. 104 или по телефону 7-40-16 до 18.00 часов).

Прием проходит в здании акимата в онлайн-режиме, посредством программы ZOOM.

ГУ «Аппарат акима города Сарани»

РЕСПУБЛИКА КҮНІ ҚАРСАҢЫНДА



ТАЗА ДАЛА – ТАЗА ҚАЛА!

Шапағат ҚОСШЫҒҰЛОВ

Суретті түсірген автор

РЕСПУБЛИКА КҮНІ ҚАРСАҢЫНДА САРАН ҚАЛАЛЫҚ ЖАСТАР РЕСУРСТЫҚ ОРТАЛЫҒЫ ЕЛ КӨЛЕМІНДЕГІ «ТАБИҒАТТА ҚОҚЫС ЖОҚ» ЖАЛПЫҰЛТТЫҚ АҚЦИЯСЫН ҚОЛДАУҒА АРНАЛҒАН «ЖАҢА ҚАЗАҚСТАН. ТАЗА ӘЛЕМ» АТТЫ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ШАРАСЫН ҰЙЫМДАСТЫРДЫ.



Аталған шараның негізгі мақсаты – жастарды туған жерін аялап, тұрғылықты жерін ластанбай, қаланы таза ұстауға шақыру. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев мұрындық болған жалпыұлттық экоакция аясындағы игі шара барысында Саран жоғары гуманитарлық-техникалық колледжінің «Жігер» жастар ұйымының белсенді жастары Абай атындағы жалпы білім беретін мектептің жанындағы саябақта бас қосты. Оларды біріктірген асыл мақсат – кенді шаһар Саранның көрікті жерлерін қоқыстан және басқа да тұрмыстық қалдықтардан тазарту.

Саран қаласының жастар ресурстық орталығының басшысы Сәнді Мұстафина атап өткендей, жас ұл-қыздар осындай акциялар мен іс-шаралардың тұрақты қатысушылары. Олар әр экологиялық белсенді бастаманы қолдап, табиғатты таза етуге деген құлшыныстарын жасырмайды.

«Акцияға Абай Құнанбаев атындағы Саран жоғары гуманитарлық-техникалық колледжінің «Жігер» жастар ұйымының белсенді жастары қатысып жатыр. Олар қоршаған ортаның ластануы және оның салдары, табиғатқа келтірілген зияны



мен бұндай акцияларды өткізудің маңызы туралы жақсы біледі. Соны білгендіктен және жақсы сезінгендіктен де олар келесі сенбіліктерге де қатысуға ниет білдірде», – деп атап өтті жастар орталығының басшысы Сәнді Далабайқызы.

Шылым тұқылы, бос бөтелкелер, тамақтан қалған қағаздар. Қала тұрғындары жиі таза уаға шығып, шаһар аумағында орналасқан саябақтарда демалып, серуендеп қайтқанды жақсы көреді. Әсіресе, Ленин даңғылы бойында орналасқан саябақ пен Абай атындағы жалпы білім беретін мектептің жанындағы саябақта кешкілікте таза ауамен демалып жүретіндер көп. Бірақ, демалушылардың басым бөлігі өздерінің соңынан қалдықтарын жинау керектігін ескермей жатады. Салдарынан әр жерде қоқыс жатады. Қалдықтар тек сенбіліктер мен экоакциялар кезінде ғана жиналады.

Қоршаған ортаға құрметпен қарау – әр адамның парызы. Мұны өз сөзінде Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев та атап өткен болатын. Президенттің бастамасымен қолға алынған «Табиғатта қоқыс жоқ!» акциясы қазанның 8-і күні бүкіл республика көлемінде ұйымдастырылған болатын. Осылайша

шарапаты мол іс-шара қалалық Жастар ресурстық орталығының бастамасымен өткен аптадағы қасиетті жұма күнінде де жалғасын тапты.

«Менің ойымша, мұндай іс-шаралар көп болуы керек, өйткені ол қоршаған ортаға қамқорлық, туған жерге деген сүйіспеншілікті көрсетеді. Мен бұндай іс-шараларға қатысуға қашанда дайынмын. Біз бәріміз осында тұрамыз, қоршаған ортаға қамқорлық көрсетіп, басқа жас жігіттер мен қыздарға үлгі болуымыз керек. Экологиялық мәдениетті үнемі арттырып, экологиялық мәселелерді шешуге бәріміз атсалысуға міндеттіміз», – дейді Абай Құнанбаев атындағы Саран жоғары гуманитарлық-техникалық колледжінің 3 курс студенті, «Жігер» студенттік парламентінің Президенті Серікбол Оразханұлы.

Жалпы, өңірдің бей-жай қарамайтын тұрғындары мен белсенділері жалпыұлттық акцияны қолдады. Эко-белсенділер мен еріктілер ластанған жерлерді қоқыстардан тазартуға бағытталған іс-шараларға қатысуға шақырды. Өйткені, еліміздің әрбір тұрғыны қоршаған ортаға және табиғаттың тазалығына қамқорлық жасауға міндетті.



ЖҮРЕКТЕН - ЖҮРЕККЕ

Шапағат ҚОСШЫҒҰЛОВ

«ӨСКЕЛЕҢ ҰРПАҚТЫҢ ҮЙЛЕСІМДІ ДАМУЫ МЕН БАҚЫТТЫ БАЛАЛЫҚ ШАҒЫ – БІЗДІҢ ЖАЛПЫҰЛТТЫҚ МІНДЕТІМІЗ. ОЛАРДЫҢ ӘЛ-АУҚАТЫ – МЕМЛЕКЕТІМІЗДІҢ ТАБЫСТЫ БОЛАШАҒЫНЫҢ КЕПІЛІ», ДЕП АТАП ӨТТІ ЕМЕС ПЕ ПРЕЗИДЕНТ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВ.



Осы орайда үстіміздегі жылдың 17 қазанында балалар жылы аясында және республика күні қарсаңында Қарағанды облысындағы бала құқықтары жөніндегі уәкілдің бастамасымен Саран қаласының білім бөлімі шаһардағы №6 жалпы білім беретін мектептің спорт залында №9 облыстық мамандандырылған мектептің, №7 мектеп-интернаттың, №6 жалпы білім беретін мектептің білім алушыларына арнап «Жүректен жүрекке» атты қайырымдылық акциясын өткізді.

Қайырымдылық акциясына аталмыш мектептің директоры Мазина Татьяна Ивановнадан бөлек, Қарағанды облысы Қоғамдық Кеңесінің заңдылық, адам құқықтары және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері жөніндегі комиссия төрағасы Смайыл Динара Кенжекқызы, Қарағанды облысы Қоғамдық Кеңесінің мүшесі Түсіпов Марат

Қанатұлы, Балалар үйінің түлегі және Академик Е. Бөкетов атындағы Қару дене шынықтыру және спорт факультетінің 1 курс студенті, Қарағанды облысы бойынша «Jas Project» республикалық жобасының жеңімпазы және «Спортты ұрпақ» жобасын жүзеге асырушы Виталий Макеев, Саран қаласы білім бөлімінің әдіскері Горбатова Евгения Александровна қатысты.

Акцияның мақсаты ата-ана қамқорлығынан айрылған тәрбиеленушілерге, аз қамтылған отбасылардың және даму мүмкіндігі шектеулі балаларға қуаныш сыйлап, қамқорлық көрсету, сонымен қатар салауатты өмір салты мен спортты насихаттау. Балалардың санасына мейірімділік, қайырымдылық ұғымдарын қалыптастыру, кішіпейілділікке, бауырмалдыққа баулу.

«Адам өміріндегі ең игі істерінің бірі

– мұқтаж жандарға қамқорлық жасау. Адамдар бір-біріне қайырымдылық, мейірімділік таныту арқылы жақсылық жасайды. Қамқорлықты қажет ететін жандарға қол ұшын беру арқылы адам баласы жақсылыққа қадам бастайды.

«Жылуы жоқ үйден без, қайырымы жоқ биден без», – деп дана халқымыз айтып өткендей қайырымдылық, адамгершілікті биік ұстап, кісілікті ту етіп, көкірегі қаяулы, жаны жаралы жанның жасын сүртіп, жылы лебізіямай, қолданкелген жәрдемін ұсынып, достық пейілдерін таныту үлкен сауатты іс. Осы мақсатта ата-ана қамқорлығынан айрылған тәрбиеленушілерге, аз қамтылған отбасылардың және даму мүмкіндігі шектеулі балаларға қуаныш сыйлап, қамқорлық көрсету мақсатында «Жүректен – жүрекке» атты қайырымдылық акциясын ұйымдастырып жатқан жайымыз бар», – деді бізбен тілдескен Қарағанды облысы Қоғамдық Кеңесінің заңдылық, адам құқықтары және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері жөніндегі комиссия төрағасы Динара Кенжекқызы.

Іс-шара барысында 1-сынып оқушылары арасында «Көңілді старттар» спорттық эстафетасы ұйымдастырылды. Спорттық эстафета бағдарламасы тартымды да қарқынды форматта өтті десек артық айтпаған болармыз. Сайыстардың қызықты болғаны соншалық, тіпті іс-шараны сырттан бақылаған біздің өзіміз эстафетаға қатысқан әр балаға қалай жанкүйер болып үлгергенімізді аңғара да алмай қалдық.

Командаларға жүгіру, секіру, доптар, кетель мен шеңбер эстафеталары бар қызықты жарыстар ұсынылды, онда олар өздерінің спорттық қабілеттері мен дағдыларын толыққанды көрсете алды. Іс-шара барысындағы түрлі конкурстарға балалар бар ынталарымен қатысып, белсенділік танытып жатты. Сонымен қатар, олар сайыс барысында жылдамдық, ептілік, командада жұмыс істей алуында қабілеттерін көрсетті. Спорттық ынта мен өз командасы үшін жеңіске жетуге деген ұмтылысы балаларды соншалықты баурап алды, тіпті олар айналада болып жатқан оқиғаларға да мән бермеді. Барлығы мәреге бірінші болып жету үшін барын салды.

«Көңілді старттардың» барлық кезеңдері өзара тартысты өтті. Жанкүйерлер мен көрермендер оқиғалардың барысын бақылап, өз командалары үшін жанкүйерлік танытты. Ал балалар болса спорттық сайыстардан сергектік пен жақсы көңіл-күй әсеріне бөленді. Оны біз балғындардың бал-бұл жанған жүздерінен-ақ байқадық. Соңыра №6 жалпы білім беретін мектептің 4 сынып оқушылары арасында шағын футболдан жарыс өткізілді. Акция соңында балаларды қолдау мақсатында және спорттық жетістіктері үшін спорттық киімдер мен естелік медальдар сыйға тартылды.

«Балаларға қамқорлық көрсетуді мақсат еткен акция аясында олардың бойына мейірімділік, қайырымдылық ұғымдарын қалыптастырғымыз келді. Жеткіншектерді кішіпейілділікке, бауырмалдыққа баулуға үлес қоссақ деген ой болды», – дейді Саран қаласы білім бөлімінің әдіскері Евгения Горбатова.

Иә, адам баласының жақсы қасиеттерінің асылы – жомарттық, кең пейілділік, мейірімділік. Қайырымдылық – халқымыздың ең ізгі қасиеттерінің бірі. «Жанашырлыққа – жан риза» дегендей кемтар, жетім, қамқорлыққа алынған балалардың жанашыр қамқоршысы болып, аялы алақанын тосып, жүрек жылуын ұсыну, сауабы мол іске ат салысу әрбір адамның азаматтық парызы.

Республика күнінде тойланады

Республика күнінде тойланады,
Егеменді елдің бұл мерекесі.
Егемендік жариялап осы күні,
Осы күні кірді елдің берекесі.

Патриоттық сезімдер алға басып,
Қазақ елі азаттығын сезінген күн.
Дербес ел боп қадамды нық қып басып,
Күн сәулесі күлімдеп көрінген күн.

Жиырма бесі қазанның шаттық берді,
Елімізге шуақты күнін сыйлап.
Бар бақытын осы күн алып келді,
Қуанышын әлемнің бізге жинап.



ТІЛ - МӘҢГІ ӨНЕГЕ АЙДЫНЫ

Г. ХАНАФИНА,

«Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамы» қоғамдық бірлестігінің Қарағанды облысы Саран қалалық филиалының төрағасы

Қазақ тілінің қоғамның әр саласында қолданылу аясын кеңейту, ақпараттық кеңістікте мемлекеттік тілдің әлеуметтік мәртебесін арттыру, қазақша контенттер қатарын көбейтуге атсалысу, отбасында мәдени мұраны сақтау және насихаттау, қазақ халқының ұлттық құндылықтарының сақталуын дәріптеу мақсатында ағымдағы жылдың тамыз айынан бастап облыс аумағында «Тіл – қазына» жобасы қолға алынды. Жоба аясында облыс аумағындағы іс-шаралар 3 бағытта жүргізілуде:



I бағыт аясында мемлекеттік тіл саясатын және «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы», «Тұтынушылардың құқығын қорғау туралы», «Жарнама туралы» Қазақстан Республикасы Заңдарының талаптары көпшілікке түсіндіріліп, қолданыста бар қазақ тіліндегі IT жобалар таныстырылады. Ол үшін Қарағанды облысының 11 өңірінде көшпелі семинар-тренинг өткізу жоспарланған.

II бағыт аясында әлеуметтік желіде «Қазақ тілі 24/7» контентін қалыптастыру қолға алынды. Бұл бағыттың басты мақсаты бұқаралық ақпарат құралдарында, оның ішінде әлеуметтік желілерде қазақтілді сапалы контентті арттыру, өзге ұлт бұлдіршіндері мен

жастарының қатысуымен «Қазақшаң қалай, балақай?» атты бейнероликтерді кең ауқымда тарату арқылы өзге ұлт өкілдері арасында мемлекеттік тілге деген оң көзқарасты қалыптастыру.

III бағыт аясында қазан айында «Үлгілі отбасы» облыстық байқауы ұйымдастырылады. Негзгі мақсаты мәдени және ұлттық құндылықтарды дәріптеу, қазақ халқының салт-дәстүрлерін насихаттау, әрі жаңғырту арқылы өскелең ұрпақ арасында еліне, жеріне, тіліне деген сүйіспеншіліктерін арттыру.

«Тіл-қазына» жобасы аясындағы көшпелі семинар-тренинг қазанның он екінші жұлдызында Саран қаласында өтті. Шараға тіл жанашырлары, қаланың



мемлекеттік қызметкерлері, әр сала өкілдері және кәсіпкерлері қатысты. Шараны «Аманат» партиясы Саран қалалық филиалының атқарушы хатшысы Тәжібаева Нұргүл Сәбитқызы ашты, қалада тіл саясатын іске асыру бағытында жүргізіліп жатқан жұмыстар туралы айтып, мемлекеттік тіл мәртебесін көтеру мақсатында ауқымды шараларды ұйымдастырушылар мен спикерлерге алғысын білдірді.

Кездесуде Ш.Шаяхметов атындағы «Тіл-Қазына» ұлттық ғылыми-практикалық орталығының Ақпараттық технологиялар басқармасының басшысы Мөлдір Бақытқызы қазақ тіліндегі платформалар мен IT жобалар туралы ақпарат беріп, телеграм бот арқылы тіркелу қадамдарын көрсетіп берді. «Саран қаласының тілдерді дамыту орталығы» КММ-нің директоры, «Көрнекі ақпарат пен жарнама тілін біріздендіру» әлеуметтік жобасының аудармашысы Береке Жарылғапова «Тіл туралы», «Тұтынушылардың құқығын қорғау туралы», «Жарнама туралы» ҚР Заңдарының талаптарын

көпшілікке түсіндірді. Сондай-ақ, Е.А. Бөкетов атындағы ҚУ доценті, «Құрмет» орденінің иегері, ТМД-ның үздік педагогы, ҚР білім беру ісінің үздігі, университеттің еңбек сіңірген қызметкері - Жаңбырбай Қағазбаев «Тіл – ұлттың жаны» тақырыбында баяндама жасады. Полиглот-тілші ақпаратты үш тілде түсіндіріп, шараға жиналған 300-ге жуық қатысушыны баурап алып, бүгінгі таңда тіл үйренуге мүмкіндік мол екенін жеткізді.

Семинар-тренинг барысында қатысушылар көптеген сұрақтар қойып, ұсыныстары мен тілектерін білдірді.

Кеш соңында «Саран қаласының мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімі» ММ-нің басшысы Галия Тохметова «Тіл-Қазына» жобасының спикерлеріне Саран қаласы әкімінің атынан Алғысхаттар табыс етті.

Айта кетері, облыстың 11 өңіріне жоспарланған «Тіл қазына» жобасы аясында ақпараттық-түсіндіру жұмыстары Шет ауданынан бастау алып, Балқаш пен Приозерск қалалары, Бұқар жырау, Қарқаралы аудандарында өткізілді.



ТІЛ – ХАЛЫҚ ҚАЗЫНАСЫ

А. КАРНАЙ,

«Саран қаласының мемлекеттік архиві» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің екінші санатты архивист

«Егер де біз қазақ деген ұлт болуды тілесек, қарнымыз ашпас қамын ойлағандай тіліміздің де сақталу қамын қатар ойлау керек»

Ахмет Байтұрсынұлы

Тіл – ұлттың жаны. Ұлттың сақталуына да, жоғалуына да себеп болатын нәрсенің ең қуаттысы – тілі. Сөзі жоғалған жұрттың өзі де жоғалады. Ел Президенті Қасымжоларт Кемелұлы Тоқаев өз болашағын Отанымызбен байланыстыратын әрбір азамат қазақ тілін үйренуге ден қоюы тиіс екенін атап өтті. Мемлекеттік тілді білу-Қазақстанның әрбір азаматының парызы.

Қазақстан Республикасының Тіл туралы заңының 4-бабында: «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі - қазақ

тілі. Мемлекеттік тіл - мемлекеттің бүкіл аумағында қоғамдық қатынастардың барлық саласында қолданылатын мемлекеттік басқару, заң шығару, сот ісін жүргізу және іс қағаздарын жүргізу тілі» делінген. Сондықтан да Саран қаласының архивінің іс-қағаздары заңда көрсетілгендей мемлекеттік тілде жүргізіледі. Мекеме ішінде мемлекеттік тілдің қолдану аясын кеңейту, мәртебесін арттыру мақсатында біраз іс-шаралар өтеді.

Саран қаласының мемлекеттік архиві, Тілдерді дамыту орталығымен тығыз

байланыста жұмыс істейді. Жыл сайын дәстүрлі түрде қала мекемелеріне «Аударма мәдениеті, ресми құжат сауаттылығы, мемлекеттік тілде іс-жүргізу» тақырыбында семинар өтеді. Шара барысында мемлекеттік тілдің қолданыс аясын кеңейтуге бағытталған іс-шаралар, іс-жүргізуде жиі кездесетін қателіктер талқыланады.

«Жаңа әліпби жобасымен танысамыз» тақырыбында танымдық сағаттар өтеді. Сонымен қатар архив қызметкерлері мемлекеттік тілді үйрену курсынан өтіп, сертификаттарға ие болды. «Қазтестке» қатысып, жоғары нәтиже көрсетуде.

Биылғы жылы қаламызда алғаш рет мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі, тілдерді дамыту орталығы «Ұлттық ономастика – ел айнасы» байқауын өткізді. Байқаудың мақсаты: азаматтарды мемлекеттік тілді, төл тарихты білуге баулу, олардың отансүйгіштік сезімін ояту, қазақ халқының көне салт-ғұрпын, дәстүрлі таным-түсінігін және көнерген

сөздерді жаңғырту болды.

Байқауға Саран қаласының мемлекеттік мекеме мамандары мен мемлекет меншігіндегі мекеме қызметкерлерінен құрылған командалар қатысты. Төрт кезеңнен тұратын бұл сайыста қатысушылар еліміздің белгілі тұлғалары, тарихи орындар, көрікті жерлер, көнерген сөздер бойынша білімдерін сынады. Байқауға біздің қызметкерлер де қатысып, жақсы нәтиже көрсетті.

«Бірігіп пішкен тон келте болмас» демекші, Саран қаласының мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімі ММ қызметкерлерімен мемлекеттік тілді дамытуға бағытталған іс-шараларды әрі қарай бірлесіп өткіземіз деп жоспарлап отырмыз. Өйткені, қазақ тілі – біздің рухани негізіміз. Біздің міндетіміз оны барлық салада белсенді пайдалана отырып дамыту, тілдің қолдану аясын арттыруға күш салу.

РЕСПУБЛИКА КҮНІ ҚАРСАҢЫНДА



ЖАНТАЛАС ШАҚ Һәм ҚАЙТАЛАНБАС ҒАЖАП СӘТ

Шапағат ҚОСШЫҒҰЛОВ

Суретке түсірген автор

СТУДЕНТТІК ӨМІР! ӨМІРДІҢ ЕҢ КЕРЕМЕТ, ЕҢ ШУАҚТЫ СӘТІ ЕМЕС ПЕ?! ӘР АДАМНЫҢ ЖАДЫНДА ЕРЕКШЕ ЕСТЕЛІКТЕРМЕН ЖАТТАЛЫП ҚАЛҒАН СТУДЕНТТІК ӨМІР ЕШҚАШАН ҰМЫТЫЛМАЙДЫ. НЕГЕ ЕКЕНІН МАҚАЛАНЫ ОҚУ БАРЫСЫНДА БІЛЕ ЖАТАРСЫЗДАР, БРАҚ ДӘЛ СОЛ КҮНІ СТУДЕНТ КЕЗІМДЕ БІРГЕ ОҚЫП, ӨМІРДІҢ ЕҢ ҚЫЗЫҚТЫ СӘТТЕРІН БІРГЕ БӨЛІСКЕН ГРУППАЛАС ДОСТАРЫМДЫ ОЙЛАУМЕН БОЛДЫМ. БӘЛКІМ, СОЛ ҚЫЗЫҚТЫ ЖЫЛДАРЫМДЫ САҒЫНҒАН БОЛАРМЫН...



Иә, студенттік өмір - өмірдің ең керемет, ең шуақты сәттері. Қызығы мол студенттік өмірді әркім әрқалай түсінеді, әрқалай бағалайды. Біреулер жанталас күндердің көрінісі деп бағалап жатса, енді бірі қайталанбас ғажап сәтке балап жатады. Меніңше, студенттік өмір - қызығы мен шығармашылығы, базары мен ажары, қуанышы мен қиындығы қатар жүретін өмірдің аса бағалы сәттері.

Бірінші курс - «балмұздақ» атанып, үлкен оқу орнын қызықтап, мұғалімді көріп арыстанды көрген қояндай қорқып, жан жаққа жалтақтап жүретін, қулық-сұмдықпен әлі танысып үлгермеген кезің. Ең алғашқы стипендия ыстық көрінетін, ал, ең алғашқы сессия үлкен қорқыныш тудыратын күндер, сол қызықты шақ емес пе? Әрдайым белсенді болуға тырысып, күнде сабаққа дайындалатын кезің. Емтихан жақындағанда шпордың түр-түрін жасап, кейін шпор жасаудың «№1 шебері» болатын кезің.

Екінші курс - «балмұздақ» кезеңінен өтіп, жұрттың назарына ілікпей, есеюге бет бұратын жыл. Сабақтан себепсіз қалу жиілеп, қыздарымыздың сәнге көзқарасы өзгеріп, ұзын қолаң шаштары қысқарып, түрлі түске боялады. Жүректерінде махаббат сезімдері оянып, жастық шақтың буына масаятын кезі.

Үшінші курс - қыдырудың кезі. Группаластарыңмен таныстығың нығайып, бір-біріңді жақыннан біле бастайтын, жыйын-кештердің біреуінде жібермейтін кезің. Білім алудан ұйқыны артық көретін, мұғаліммен құрбы-құрдасша сөйлесіп, жақсы балды қоржынға салып жүретін шағың.

Балалықтың ауылынан алыстап, өмірге деген көзқарасың өзгеріп, есейгендіктің белгілерін сезінесің. Сөйтіп жүргенде, топтың алды тұрмыс құра бастайды. Өмірлік серіктерін кездестіріп,

«әке және ана» деген атқа да ие болады. Бұл өмірдің шындығы.

Әне-міне дегенше, студенттік өмірдің соңғы жылы да келіп жетеді. Әр қадамыңды нық басатын, өз-өзіне сенімді студентке айналасың.

Төртінші курс - қимастықтың курсы. Практика, диплом деген екі сөзді көп қайталай беретін, төрт жыл төрт секундтай өткенін еске түсіріп, сағынышпен, үлкен өмірге аяқ басағын кезең. Төрт жыл бойы өзін жүрген ортадан, ұстаздарыңнан, сүйікті достарыңнан бір-ақ сәтте алыстайтыныңды ойлау - қиынның-қиыны.

Маған және менің группаластарыма студенттік өмірдің қызықты сәттерін сыйлаған - Қарағанды облысындағы жоғары оқу орындарының ішіндегі ең белді колледждердің бірі һәм бірегейі, білім деңгейі өте жоғары оқу орны болып табылатын Абай Құнанбаев атындағы Саран жоғары гуманитарлы-техникалық колледжі болатын. Қазір де осы жоғары оқу орнында білім алып, белді бір маман иесі болсам - деп, біздің кенді шаһар Сорандыға (Саран) арман қуып келіп жатқан жастарымыз аз емес.

Облысымыздағы алдыңғы қатарлы жоғарғы



оқу орындарының бірі әрі бірегейі, Саран шаһарындағы білім мен ғылым ордасының қара шаңырағы Абай Құнанбаев атындағы Саран жоғары гуманитарлы-техникалық колледжі күні кеше табалдырық аттаған бірінші курс жеткіншектерін студент қатарына қабылдады. Қиялдарын қанаттарына байлап, армандарын арқалап келген жас ұландар сол күннен бастап өмір кітабының «СТУДЕНТТІК КЕЗЕҢ» атты ақ парақтарын безендіретін болады.

Абай Құнанбаев атындағы Саран жоғары гуманитарлы-техникалық колледжі - ертең тәуелсіз еліміздің түпкір-түпкірінде еңбек ететін білікті де білімді кадрлар даярлайтын Саран шаһарындағы негізгі орталық, талай студенттің биік шыңдарға жетуіне себепкер болған қасиетті мекен.



Иә, қазақстанымыздың болашағы - жас ұрпақтың қолында, ал Абай Құнанбаев атындағы СЖТК болашағы - бүгінгі студенттің қолында. Осы орайда аталған білім ошағының Мектептегі орыс тілі мен шетел тілдері бөлімінің аға мен әпке рөлдеріндегі студенттері, «Білім кілті» аталмыш бөлімнің 1-курс студентіре табыстады.

Студенттік кезең атты ақ парақты алғаш ашып отырғандардың қатарында Мектептегі орыс тілі мен шетел тілдері бөлімінің КИ-9-22, ШП-9-22, БР-11-22, ШИ-9-22, ДВ-9-22 топтарының студенттері бар. Ал енді ғана студенттік өмірдің табалдырығын аттағалы отырған «балмұздақтардың» тұсауын БР-11-20, ДВ-9-20, ШП-9-20, ШИ-9-19 топтарының студенттері кесті.

Салтанатты кеште Абай Құнанбаев атындағы Саран жоғары гуманитарлы-техникалық

жоғары гуманитарлы-техникалық колледжі биыл жүздеген жасты студенттер қатарына қабылдады. Енді арман қуып келген талапкерлер Абай Құнанбаев атындағы Саран жоғары гуманитарлы-техникалық колледжінің студенті атанып отырған жайы бар.

Осы салтанатты сәтте Мектептегі орыс тілі мен шетел тілдері бөлімінің меңгерушісі Рудневская Наталья Борисовна: «**Білімді адам ғана болашаққа батыл қадам баспақ. Біздің жастарымыз алған білімін ақылмен, өнегемен, тән мен жанның сұлулығымен, парасаттылықпен ұштастырса, нұр үстіне нұр жауар. Оқу-білім үздіксіз еңбектің арқасында ғана жақсы нәтижеге, жоғары жетістіктерге жеткізеді. Студент жастарымыздың жан-жақты, саналы, терең білімді, бәсекеге қабілетті болуы - қоғам сұранысы. Ал қоғамның жүрек дүрсілі, өзегі бүгінгі жастар екені белгілі. Ендеше сол жастар, мына сіздер, Қазақстанның болашағын бұлыңғырлатпай, сенімдерін селдіретпей, көк байрақты тік ұстап, еліміздің абыройын асқақтата беріңіздер!**», - деп жаңа толқыннан үкілі үміт күтетіндігін айтып, ақ жол тіледі.

Сонымен қатар, Наталья Борисовна бірінші топ кураторларын сахнаға шақырып, оларға топтың туу туралы куәліктерін табыстады.

Студенттер үшін ұйымдастырылған салтанатты шарада оларды құттықтап, жылы лебіздерін білдірген жандар көп еді. Басым көпшілігі - іргелі білім ордасынан түлеп ұшып, үлкен өмірге қадам басып, өз орнын тапқан жандар.

Өз кезегінде студенттер білім алуға, оқуға, университеттің тәртібін сақтауға салтанатты түрде ант берді. Кеш соңында жиналған көпшілік студент жастар ұйымдастырған әуезді кештің куәгері болды.

Пысы: Студенттік өмір — МАХАББАТ ҚЫЗЫҚ МОЛ ЖЫЛДАР. Куратор — «МЕН СЕНДЕРГЕ ЖАМАН БОЛСЫН ДЕМЕЙМІН...». Староста — ДЕКАНАТ ПЕН ҰСТАЗДАР АРАСЫНДАҒЫ «БАЙЛАНЫС СЫМЫ». Жағажана — АШТЫҚПЕН ӨТКЕН ТАЛАЙ КҮНДЕРДІҢ КУӘСІ. Ролтон — АШ ҚАРЫННЫҢ «АУЫЗ БАСТЫРЫҒЫ». Степендия — ҰЗАҚҚА БАРМАЙТЫН ҚУАНЫШ немесе «БЫЛАЙ ТАРТСАМ АРБА СЫНАДЫ, БЫЛАЙ ТАРТСАМ ӨГІЗ ӨЛЕДІ». Бухгалтерия — КВИТАНЦИЯНЫҢ ЖАУЫ. Кітапхана немесе Оқу залы — «АДАМ БОЛАТЫН БАЛА АЛЫСҚА ҚАРАЙДЫ». Оқырман билеті — «БИЛЕТ ЖОҚ БОЛСА, КІТАП ЖОҚ». Пропуск — «ТЕКСЕРІС БЕКЕТІ». Далаға шыққан студент — ЖАЯУ МҰСА. Свидание — КЕШКІПЕЙ КЕЛЕМ ДЕП ЕҢ. Лекция — ҚАЛҒЫП-МҮЛГҮ. Семинар — СЕН ТИМЕСЕН МЕН ТИМЕЙМІН. Сессия — ТАР ЖОЛ ТАЙҒАҚ КЕШУ немесе «МЫҢ ӨЛІП, МЫҢ ТІРІЛУ». Сессиядан кейін — ДАУЫЛДАН КЕЙІН. Диплом қорғау — ҚЫЛ КӨПІР.

Ендеше, ақ жол саған, студент!



ЖИЗНЬ ГОРОДА



ЯРМАРКА, ЯРМАРКА...

Надежда ЦХАЙ

Фото Камилы ОСПАНОВОЙ

Первая в этом году большая сельскохозяйственная ярмарка «Ауыл береке – 2022» состоялась в минувшую субботу.


Традиционная ярмарка – это значимое событие – как для жителей нашего города, так и для поселчан, которые приезжают из городов – спутников, отдаленных районов, чтобы предложить свою продукцию саранцам. Как правило, жители поселков и аулов, представители крестьянских хозяйств привозят продукцию, выращенную или изготовленную своими руками – это различные виды мясной и молочной продукции, овощи и зелень, национальные сладости и многое другое. Главное, что вся продукция, которая реализуется в ходе сельскохозяйственной ярмарки – вкусная, экологически чистая, сделанная и выращенная от души!

Кажется, что в этот день сельскохозяйственную ярмарку, которая для удобства горожан вот уже не первый год располагается на территории перед городским стадионом, посетили тысячи саранцев. Тем более, погода для этого была подходящая – как раз для того, чтобы сделать покупки и необходимые запасы на долгую зиму. Поэтому с самого утра на площади было многолюдно.

И еще самый главный очевидный плюс ярмарки – это сниженные цены на всю продукцию. В этот день здесь можно приобрести все продукты, бытовую химию и т.д. на 15 – 20 %, что, конечно же, выгодно и удобно. Сравните сами. Говядина – 2000 тенге, баранина – 2100 тенге, картофель – 100 тенге, капуста – 80 тенге, лук – 80 тенге, молоко – 350 тенге, макаронные изделия – 290 тенге и т.д.

